



NAZARBAYEV
UNIVERSITY

SOCIAL
DEVELOPMENT FUND



access

TOEFL

тестіне дайындалуға арналған нұсқаулық



Нұр-Сұлтан қаласы,
2021 ж.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
Т78

Нұсқаулықты баспаға әзірлеген:

Жоба жетекшісі: Құрманбай Г., Назарбаев Университетінің профессоры,
Рухани жаңғыру мәдени орталығының директоры.

Жоба үйлестірушісі мен құрастырушы: Каламбаева Г., Назарбаев
Университетінің Рухани жаңғыру мәдени орталығының аға менеджері.
1-Рецензент: Күдерина Қ.Б., Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының
докторы, профессор.

2-Рецензент: Байтелиева Ж. Д., Назарбаев Университетінің ассистент
профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

Т78 TOEFL тестіне дайындалуға арналған нұсқаулық. – Нұр-Сұлтан:
«Qaccess» әлеуметтік жобасы, – 2021ж. – 55 бет.

ISBN 978-601-08-1428-8

«Qaccess» жобасы қазақ тілінде білім алатын мектеп оқушыларына, қазақ тілінде сөйлейтін жастарға соның ішінде ауыл жастарына арналған ағылшын тілінің IELTS, TOEFL халықаралық емтихандары туралы анықтама беретін оқу құралдарын және дайындық материалдарын жасауды көздеген әлеуметтік жоба. Бұл әлеуметтік жоба Назарбаев Университетінің Әлеуметтік даму қорының қолдауымен SDF грантының негізінде іске асырылды.

Бұл нұсқаулық ағылшын тілін үйренушілерге TOEFL (Test of English as a Foreign Language – Ағылшын тілі шет тілі ретіндегі тест) емтиханы туралы және оған дайындалуға көмектесу үшін жасалған. Тестке дайындалу арқылы сіз академиялық салаларда жетістікке жетуге қажетті дағдыларды қалыптастыра аласыз. TOEFL iBT тесті тестілеушілердің тек тіл білімін ғана емес, ағылшын тілін қаншалықты жақсы қолданатынын өлшейді. Бұл объективті және объективті бағалаумен жарамды және сенімді тест болғандықтан, TOEFL тесті оқушының сәтті оқуы үшін қажет ағылшын тілін білетіндігін растайды.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
Т78

ISBN 978-601-08-1428-8

© «Qaccess» әлеуметтік жобасы 2021

МАЗМҰНЫ:

КІРІСПЕ.....	4
Оқылым бөлімі (Reading section).....	7
Оқылым бөлімінің сұрақтары.....	8
Тыңдалым бөлімі (Listening Section).....	22
Тыңдалым бөлімінің сұрақтары.....	25
Айтылым бөлімі (Speaking Section).....	37
Айтылым тапсырмалары.....	35
Жазылым бөлімі (Writing Section).....	47
Біріккен жазылым тапсырмаларын бағалаудың түсініктемесі.....	49
Тәуелсіз жазылым тапсырмаларын бағалаудың түсініктемесі.....	50

КІРІСПЕ

TOEFL дегеніміз не?¹

Test of English as a Foreign Language (TOEFL–ағылшын тілін шет тілі ретіндегі тест) – ағылшын тілді университеттерге түскісі келетін және ағылшын тілі ана тілі болып табылмайтын үміткерлердің ағылшын тілін меңгеру деңгейін өлшеуге арналған стандартталған тест. Бұл тесттің нәтижесін 150–ден астам елдегі 11000–нан астам жоғары оқу орындар қабылдайды. TOEFL – әлемде көп таралған ағылшын тілінің халықаралық емтихандарының бірі.

TOEFL тестінің мазмұны «Білім берудегі тестілеу қызметі» (Educational Testing Service – ETS) деп аталатын тестілеу және бағалау бойынша ең ірі коммерциялық емес ұйымымен дайындалады.

Форматы және мазмұны

Internet-based test (Интернет арқылы тапсыру)

2005 жылдың аяғында енгізілген сәттен бастап TOEFL тестінің Internet-based Test (iBT) түрі біртіндеп компьютерлік және қағаз түрінде тапсыру (Paper based test) нұсқаларын алмастырды, дегенмен қағаз нұсқасы кейбір жерлерде әлі де қолданылады. iBT кезең-кезеңмен енгізілді. Алдымен АҚШ, Канада, Франция, Германия және Италия, 2006 жылы әлем елдерінде қолданыла бастады. Тестілеу орталықтарының саны үнемі артып келеді. Компьютерлік тестілеу нұсқасы (Computer based test) 2006 жылдың қыркүйегінде жойылды және нәтижелері жарамсыз болып табылады.

TOEFL тесті төрт бөлімнен тұрады, олардың әрқайсысы негізгі тілдік дағдылардың бірін сынайды және барлық тапсырмалар академиялық және жоғары білім беру ортасында қолданылатын тілге бағытталған. iBT түрінің тапсырудың келесі тәртібі бар: оқылым (Reading), тыңдалым (Listening), 10 минуттық үзіліс, сөйлесім (Speaking), жазылым (Writing).

Осы нұсқаулық TOEFL iBT тест түрін қарастыратын болады.

TOEFL iBT тестінің төрт бөлімі

Жоғарыда айтылғандай тест төрт бөлімнен (оқылым (Reading), тыңдалым (Listening), сөйлесім (Speaking), жазылым (Writing)) тұрады, тест тапсыру барысында үміткер осы 4 коммуникативтік дағдыларды біріктіретін тапсырмаларды ағылшын тілінде орындайды:

- оқып, тыңдап, сосын сұраққа ауызша жауап беру
- тыңдап, сосын сұраққа ауызша жауап беру
- оқып, тыңдап, сосын сұраққа жазбаша жауап беру.

Жалпы тест шамамен 3 сағатты алады, бірақ тіркелу үшін 30 минутты ескере отырып, 3,5 сағатты алдын ала жоспарлау керек.

1. <https://www.ets.org/>

Бөлім	Уақыты	Сұрақтар саны	Тапсырма түрі
Оқылым	54–72 минут	30–40 сұрақ	Мәтін үзінділерін оқып, сұрақтарға жауап беру
Тыңдалым	41–57 минут	28–39 сұрақ	Сабақ барысында талқылауға арналған қысқаша дәрістер туралы сұрақтарға жауап беру
Үзіліс	10 минут	–	–
Сөйлесім	17 минут	4 тапсырма	Таныс тақырыпты талқылап, оқыған және тыңдаған материалдарды талқылау
Жазылым	50 минут	2 тапсырма	Мәтін үзіндісін оқып, аудиожазбаны тыңдап, жауаптарды енгізу

Оқылым бөлімі (Reading)

TOEFL iBT Оқылым бөлімі үміткердің академиялық ортада қолданылатын материалдарды қаншалықты оқу және түсіне алу қабілетін тексереді. Бұл бөлім әрқайсысы шамамен 700 сөзден тұратын 3 немесе 4 мәтін үзінділерінен тұрады, әр үзіндіде 10 сұрақ болады. Бұл бөлімде барлық сұраққа жауап беру үшін үміткерде 54-тен 72 минутқа дейін уақыт болады.

Оқылым бөліміндегі үзінділер – бұл пәнге немесе бір тақырыпқа кіріспе ретінде қолданылған ЖОО-ның деңгейіндегі оқулықтардан алынған мәтін үзінділері болып табылады. Мәтіндер көптеген түрлі тақырыптарды қамтиды. Егерде үміткер ол тақырыппен таныс болмаса, сұрақтарға жауап беру үшін барлық ақпарат мәтін үзіндісінде беріледі. Қажет болған жағдайда, үміткер бейтаныс сөздерді анықтауға арналған глоссарий функциясын қолдана алады.

Тыңдалым бөлімі (Listening)

TOEFL iBT Тыңдалым бөлімі үміткердің ағылшын тіліндегі дәрістер мен әңгімелерді түсіну қабілетін өлшейді. Оған:

- жалпы түсіну
- прагматикалық түсіну (сөйлеушінің көзқарасы және сенімділік дәрежесі), ақпаратты біріктіру және синтездеу кіреді.

Сөйлесім бөлімінде де тыңдауға арналған аудиожазбаның 2 түрі бар: дәрістер мен әңгімелер. Екеуі де ЖОО-на негізделген тілді қолданады. Олар:

- әрқайсысы 3–5 минуттан тұратын 3–4 дәріс, әр дәріс бойынша 6 сұрақ беріледі;
- 2 адамның сөйлесіп жатқан 2–3 әңгімесі, әрқайсысы 3 минуттан тұрады, әр әңгіме 5 сұрақтан тұрады.

Үміткер сұрақтарға жауап беруге көмектесетін тест барысында кез-келген аудио файлға жазбалар жасай алады. Бөлімді аяқтау үшін үміткердің 41-ден 57 минутқа дейін уақыты болады .

Сөйлесім бөлімі (Speaking)

TOEFL iBT Сөйлесім бөлімі үміткердің академиялық ортада ағылшын тілінде тиімді сөйлесе алу қабілетін өлшейді. Бұл бөлім сабақта да, және одан тыс жерлерде нақты өмірлік жағдайларда кездесетін 4 тапсырмадан тұрады.

- 1-сұрақ «тәуелсіз сөйлесім тапсырмасы» деп аталады, өйткені үміткерден өз идеяларына, пікіріне және тәжірибесіне толықтай сүйеніп, жауап беруді талап етеді.
- 2–4 сұрақтар «біріктірілген сөйлесім тапсырмалары» деп аталады, өйткені үміткерден ағылшын тілін білу дағдыларын байланыстырып жауап беруді талап етеді: сабақта немесе ол жерден тыс жағдайларда тыңдалым және сөйлесім дағдыларын, немесе тыңдалым, оқылым, және сөйлесім дағдыларын біріктіріп қолдануды сұрайды.

Әр сұраққа жауап беруден алдын дайындыққа 15–30 секунд беріледі, әр жауаптың ұзынды 45–60 секунд болу керек.

Жауап беру үшін, үміткер құлаққаптың микрофонын қолданады. Үміткердің жауаптары жазылып ETS-ке жіберіледі, онда олар бағаланудың әділеттілік пен сапасын қамтамасыз ету үшін ЖИ-пен (жасанды интеллект) және сертификатталған сарапшылармен бағалайды. Жауаптардың қалай бағаланатыны туралы қосымша ақпарат осы нұсқаулықтың соңында берілді.

Сөйлесім бөлімін аяқтау үшін үміткерге 17 минут беріледі.

Жазылым бөлімі (Writing)

TOEFL iBT Жазылым бөлімі академиялық ортада үміткердің ағылшын тілінде жаза алу қабілетін өлшейді. Бұл бөлімде үміткерден өз ойларын нақты және ұйымдасқан түрде жеткізе алуы күтіледі.

Жазылым бөлімінің 2 тапсырмасы бар:

- Біріктірілген жазылым тапсырмасы (20 минут) – қысқа мәтін үзіндісін оқып, қысқа дәрісті тыңдап, содан кейін оқыған және тыңдаған тапсырмаларға жауап жазу.
- Тәуелсіз жазылым тапсырмасы (30 минут) – тапсырмада берілген тақырыпқа үміткердің өз тәжірибесіне немесе пікіріне сүйене отырып эссе жазу.

Үміткер жауаптарын компьютерде тереді. Жауаптар ETS-ке жіберіледі, онда олар бағаланудың әділеттілік пен сапасын қамтамасыз ету үшін ЖИ-пен (жасанды интеллект) және сертификатталған сарапшылармен бағалайды.

Жазылым бөліміне жалпы 50 минут беріледі.

TOEFL iBT тестінің нәтижелерінің бағалануы

Нәтижелер 4 бөлім бойынша жалпы ұпай жинайды.

- Әр бөлімде 0-ден 30-ға дейін ұпай қойылады.
- Жалпы ұпай 0 мен 120-ның арасында беріледі.
- Әр дағдының 4 немесе 5 шеберлік деңгейлері бар, жинаған ұпайға қарай шеберлік деңгейі анықталады.

Дағды	Деңгей
Оқылым	Тәжірибелі (24-30) Орташа деңгейден жоғары (18-23) Орташа (4-17) Орташа деңгейден төмен (0-3)
Тыңдалым	Тәжірибелі (22-30) Орташа деңгейден жоғары (17-21) Орташа (9-16) Орташа деңгейден төмен (0-8)
Сөйлесім	Тәжірибелі (25-30) Орташа деңгейден жоғары (20-24) Орташа (16-19) Негізгі пайдаланушы (10-15) Негізгі деңгейден төмен(0-9)
Жазылым	Тәжірибелі (24-30) Орташа деңгейден жоғары (17-23) Орташа (13-16) Негізгі пайдаланушы (7-12) Негізгі деңгейден төмен(0-6)

Әрбір оқу орны TOEFL iBT ұпайларына өз талаптарын белгілейді. TOEFL iBT ұпайларын қабылдайтын білім беру мекемелерінің тізімін және ETS оқу орындарының ұпайларына қойылатын талаптардың тізімін келесі сілтеме арқылы көруге болады: www.toeflgoanywhere.org.

Оқылым бөлімі (Reading section)

TOEFL iBT тестінің Оқылым (Reading) бөлімі 3 немесе 4 мәтін үзінділерінен тұрады, әр мәтіннің ұзақтығы шамамен 700 сөз. Мәтінге сәйкес әртүрлі сұрақтар қойылады. Бұл бөлімнің барлық сұрақтарына жауап беру үшін үміткерде 54 тен 72 минутқа дейін уақыты болады. Оқылым бөлімінің тапсырмасын орындау барысында сұрақтарды өткізіп және оларға кейінірек оралуға болады.

Оқылым бөліміндегі мәтіндер туралы

TOEFL iBT Оқылым бөліміне арналған мәтін үзінділері жоғары оқу орындарында пәнге немесе тақырыпқа кіріспе ретінде қолданылатын оқулықтардан немесе жарияланған мақалардан алынады. Үзінділер мүмкіндігінше аз өзгереді, өйткені тесттің мақсаты үміткердің академиялық ортада қолданылатын оқылым материалдарын қаншалықты жақсы оқи алатындығын бағалау болып табылады.

Мәтін үзінділері әр түрлі тақырыптарды қамтиды. Егерде үміткерге тақырып бейтаныс болған жағдай да, сұрақтарға жауап беру үшін қажет барлық ақпарат сол мәтіннің ішінде болады. TOEFL iBT барлық оқылым мәтіндері авторлық мақсатқа байланысты үш негізгі категорияға жіктеледі: (1) Бастама бөлім, (2) Дәлелдеме және (3) Тарихи.

Көбінесе үзінділер тақырып бойынша ақпаратты бірнеше тұрғыдан ұсынады. Мұны, үміткер тапсырманы орындау барысында есте сақтау қажет, себебі оқылым бөлімінде әдетте үміткердің үзіндінің жалпы ұйымдастырылуын түсінгенін көрсетуге мүмкіндік беретін кем дегенде бір сұрақ қойылады. Оқылым мәтіндерінің жиі кездесетін ұйымдастырылуы:

- жіктеу
- салыстыру
- себеп/нәтиже
- мәселе/мәселенің шешімі

Жоғарыда айтып кеткендей, мәтін ұзақтығы шамамен 700 сөз, алайда кей-бір мәтіндер ұзақтау не қысқалау болуы мүмкін.

Оқылым бөлімінің сұрақтары

Оқылым сұрақтары негізгі ақпараттық дағдыларды, логикалық қорытындылау дағдыларын және үйрену үшін оқу дағдыларын қамтиды. Оқылым бөлімінде кездесетін сұрақтардың он түрі бар:

Негізгі ақпарат туралы және логикалық қорытындылау сұрақтары	Үйрену үшін оқу сұрақтары
<p>1. Factual Information questions/Нақты ақпарат туралы сұрақтар (жиынтықта 2-ден 5-ке дейін сұрақтар)</p> <p>2. Negative Factual Information questions/Нақты теріс ақпарат туралы сұрақтар (жиынтықта 0-ден 2-ге дейін сұрақтар)</p> <p>3. Inference questions/Қорытындылауға арналған сұрақтар (жиынтықта 1-2 сұрақ)</p> <p>4. Rhetorical Purpose questions/Риторикалық мақсаттағы сұрақтар (жиынтықта 1-2 сұрақ)</p> <p>5. Vocabulary questions/Сөздік сұрақтар (жиынтықтағы 1-2 сұрақ)</p> <p>6. Reference questions/Анықтамалық сұрақтар (жиынтықта 0-ден 2-ге дейін сұрақтар).</p> <p>7. Sentence Simplification question/Сөйлемді оңайлатуға арналған сұрақтар (жиынтықта 0 немесе 1 сұрақ)</p> <p>8. Insert Text question/Мәтінге сәйкестендіру сұрақтары (жиынтықта 1 сұрақ).</p>	<p>9. Prose Summary/ Прозаның қысқаша мазмұны</p> <p>10. Fill in a Table/Кестені толтыру</p>

Негізгі ақпарат туралы және логикалық қорытындылау сұрақтары

1-түрі: Нақты ақпарат туралы сұрақтар (Factual Information questions)

Бұл сұрақтар үміткерден үзіндіде нақты көрсетілген ақпаратты анықтауды сұрайды. Нақты ақпарат туралы сұрақтар автор ұсынған фактілерге, детальдарға, анықтамаларға немесе басқа ақпаратқа бағытталуы мүмкін. Олар мәтін үзіндісінде ғана кездесетін нақты ақпаратты көрсетуді сұрайды. Әдетте, үзіндідегі талқыланған жалпы тақырыптар туралы сұрақтар емес. Көбінесе тиісті ақпарат бір немесе екі сөйлемде болады.

Нақты ақпарат туралы сұрақтар қалай анықтауға болады?

Бұл сұрақтар әдетте төмендегідей сұралады:

According to the paragraph, which of the following is true of X?	Параграфқа сәйкес, келесілердің қайсысы X – ге қатысты рас?
The author’s description of X mentions which of the following?	Автор X сипаттамасында келесіден не туралы айтылды?
According to the paragraph, X occurred because...	Параграфқа сәйкес, X-ң болғанының себебі...
According to the paragraph, X did Y because...	Параграфқа сәйкес X Y жасады, өйткені...
According to the paragraph, why did X do Y?	Параграфқа сәйкес X неге Y жасады?

Мысалы:¹

PASSAGE EXCERPT (*Тапсырмада берілген мәтін үзіндісі*): “...Sculptures must, for example, be stable, which requires an understanding of the properties of mass, weight distribution, and stress. Paintings must have rigid stretchers so that the canvas will be taut, and the paint must not deteriorate, crack, or discolor. These are problems that must be overcome by the artist because they tend to intrude upon his or her conception of the work. For example, in the early Italian Renaissance, bronze statues of horses with a raised foreleg usually had a cannonball under that hoof. This was done because the cannonball was needed to support the weight of the leg. In other words, the demands of the laws of physics, not the sculptor’s aesthetic intentions, placed the ball there. That this device was a necessary structural compromise is clear from the fact that the cannonball quickly disappeared when sculptors learned how to strengthen the internal structure of a statue with iron braces (iron being much stronger than bronze)...”

Сұрақ: According to paragraph 2, sculptors in the Italian Renaissance stopped using cannonballs in bronze statues of horses because (2-абзацқа сәйкес, итальяндық Қайта өрлеу дәуірінің мүсіншілері жылқылардың қола мүсіндерінде зеңбіректерді қолдануды тоқтатты, өйткені)

- they began using a material that made the statues weigh less
- ◇ they found a way to strengthen the statues internally (дұрыс жауап)
- the aesthetic tastes of the public had changed over time
- the cannonballs added too much weight to the statues

2-түрі: Нақты теріс ақпарат туралы сұрақтар (Negative Factual Information questions)

Бұл сұрақтар үміткерден қандай ақпараттың дұрыс екенін және қайсысы дұрыс емес немесе мәтінде кездеспейтін ақпаратты анықтауды сұрайды. Бұл сұраққа жауап беру үшін алдымен мәтіннен тиісті ақпаратты табу қажет. Содан кейін жауаптың төрт нұсқасының үшеуі дұрыс, ал қалған нұсқасы дұрыс емес екеніне көз жеткізу керек. Яғни бұл сұрақтың түрі мәтінде берілген ақпаратқа теріс келетін жауапты таңдау болып табылады.

Нақты теріс ақпарат туралы сұрақтарды қалай анықтауға болады?

1. The Official Guide to the TOEFL® Test Fourth Edition, 2012 ISBN: 978-0-07-176657-9, 39 б.

Бұл сұрақтарда «NOT» немесе «EXCEPT» сөздері бас әріптермен беріледі.

According to the passage, which of the following is NOT true of X?	Мәтін үзіндісіне сәйкес, келесі жауаптардың ішінде X туралы не «рас» емес?
The author's description of X mentions all of the following EXCEPT . . .	X сипаттамасы туралы автор төмендегі жауаптардың қайсысын мәтінде атап өтпеген...

Мысалы:¹

PASSAGE EXCERPT (Тапсырмада берілген мәтін үзіндісі): “The United States in the 1800s was full of practical, hardworking people who did not consider the arts—from theater to painting—useful occupations. In addition, the public’s attitude that European art was better than American art both discouraged and infuriated American artists. In the early 1900s there was a strong feeling among artists that the United States was long overdue in developing art that did not reproduce European traditions. Everybody agreed that the heart and soul of the new country should be reflected in its art. But opinions differed about what this art would be like and how it would develop.”

Сұрақ: According to paragraph 1, all of the following were true of American art in the late 1800s and early 1900s EXCEPT (1-тармаққа сәйкес, төмендегілердің қайсысынан басқа 1800 жылдардың аяғы мен 1900 жылдардың басындағы американдық өнерге қатысты болды):

- Most Americans thought art was unimportant.
- American art generally copied European styles and traditions.
- Most Americans considered American art inferior to European art.
- ◇ American art was very popular with European audiences. (дұрыс жауап)

3-түрі: Қорытындылауға арналған сұрақтар (Inference questions)

Бұл сұрақтар үміткердің аргументті немесе идеяны нақты түсіну қабілетін өлшейді. Мысалы, егер мәтін үзіндісінде бір жағдайдың салдары берілсе, қорытындылауға арналған сұрақ сол салдардың себебін сұрауы мүмкін. Егерде мәтінде салыстыру орын алған жағдайда, қорытындылауға арналған сұрақта салыстырудың негізін сұрауы мүмкін.

Үміткер автордың сөзінің нақты мағынасын ғана емес, сонымен қатар логикалық әсері туралы да ойлануы керек.

Қорытындылауға арналған сұрақтарды қалай анықтауға болады?

Бұл сұрақтарда әдетте «infer-қорытынды жасау», «suggest-ұсыну» немесе «imply- тұспалдау» деген сөздер кездеседі.

1. The Official Guide to the TOEFL® Test Fourth Edition, 2012 ISBN: 978-0-07-176657-9, 40 б.

Which of the following can be inferred about X?	Төмендегі жауаптардың қайсысы X туралы қорытынды береді?
The author of the passage implies that X . . .	Автор X туралы жасаған тұспалы...
Which of the following can be inferred from paragraph 1 about X?	Төмендегі жауаптардың қайсысы 1-параграфта X туралы қорытынды береді?

Сұрақтың мысалы:¹

Which of the following can be inferred from paragraph 1 about candles before the nineteenth century? (XIX ғасырға дейін шамдар туралы 1-абзацта келесілердің қайсысы қорытындылайды?)

- They did not smoke when they were burned.
- They produced a pleasant odor as they burned.
- ◇ They were not available to all. (дұрыс жауап)
- They contained sulfuric acid.

4-түрі: Риторикалық мақсаттағы сұрақтар (*Rhetorical Purpose questions*)

Риторика – бұл тиімді сөйлеу немесе жазу өнері. Нақты ақпарат туралы сұрақтарында үміткерден автор қандай ақпаратты ұсынғанын сұрайды. Ал риторикалық мақсаттағы сұрақтарда үміткерден неге автор белгілі бір ақпаратты белгілі бір жерде немесе тәсілмен ұсынғанын сұрайды. Бұл сұрақтар үміткерден мәтіндегі немесе абзацтағы риторикалық функцияны қаншалықты түсінгенін көрсетуді сұрайды.

Кейде үміткердің бір параграфтың екіншісімен қалай байланысты екенін анықтау сұралады. Мысалы, екінші параграфта бірінші параграфта жасалған мәлімдемені растайтын мысалдар келтіруі мүмкін. Жауаптарды таңдау жалпы түрде (мысалы, «теория түсіндіріледі, содан кейін суреттеледі») немесе мәтін үзіндісіне тән терминдермен көрсетілуі мүмкін. («Автор сүтқоректілердің шөлге бейімделу категорияларын түсіндіреді, содан кейін мысал келтіреді»)

Сонымен қатар бұл сұрақтардың түрі автор неге белгілі бір адамды келтіретінін немесе автор белгілі бір ақпаратты не үшін айтқанын сұрауы мүмкін (Мысалы: Неліктен автор «қарындашты алу қабілеті» туралы айтады? Дұрыс жауап: Бұл 10–11 айлық балалар моториканы дамытатыны туралы ақпаратқа берілген мысал ретінде.)

Риторикалық мақсаттағы сұрақтарды қалай анықтауға болады?

Риторикалық мақсаттағы сұрақтардың мысалы:

1. The Official Guide to the TOEFL® Test Fourth Edition, 2012 ISBN: 978-0-07-176657-9, 41 б.

The author discusses X in paragraph 2 in order to . . .	Автор X туралы ақпаратты 2 параграфта талқылауының себебі...
Why does the author mention X?	Неліктен автор X туралы айтты?
Why does the author compare X to Y?	Неге автор X пен Y-ті салыстырады?

Сұрақтың мысалы:¹

Why does the author discuss the “ bronze statues of horses ” created by artists in the early Italian Renaissance? (Неліктен автор ерте итальяндық Қайта өрлеу дәуірінде суретшілер жасаған «қола жылқы мүсіндерін» талқылайды?)

- ◇ To provide an example of a problem related to the laws of physics that a fine artist must overcome (дұрыс жауап)
- To argue that fine artists are unconcerned with the laws of physics
- To contrast the relative sophistication of modern artists in solving problems related to the laws of physics
- To note an exceptional piece of art constructed without the aid of technology

5-түрі: Сөздік сұрақтар (Vocabulary questions)

Бұл сұрақтар жеке сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын оқылым бөліміндегі мәтін үзіндісінде қолданылуын анықтауды сұрайды (сөздің бірнеше мағынасы болуы мүмкін, бірақ мәтін үзіндісінде сол мағыналардың біреуі ғана сәйкес келеді). Анықтауға берілген сөз сол мәтінде нақты кездеседі; тексерілуі тиіс «сөздер тізімі» болмайды. Әдетте сөз немесе сөз тіркесі сөздік сұрақ ретінде тапсырмада сұралады, себебі бұл сөзді немесе сөз тіркесін түсіну мәтіннің үлкен немесе маңызды бөлігін түсіну үшін маңызды. TOEFL iBT тестінде мәтіндегі кейбір сөздер ерекше мағынаға ие болуы, не техникалық немесе тақырып контекстінде арнайы мағынаға ие болуы мүмкін. Бұл сөздердің анықтамасы сол тест барысында беріледі. Үміткер мәтіндегі сілтемесі бар сөзді басса, сол жерде мағынасы беріледі. Әрине, сөздік сұрақтар ретінде тапсырмада берілген сөздердің анықтамасы берілмейді.

Сөздік сұрақтарды қалай анықтауға болады?

Бұл сұрақтарды анықтау оңай. Мәтінде асты сызылған/бойлған сөз/сөз тіркесі беріледі. Соған байланысты келесі сұрақтар сұралады:

The word “X” in the passage is closest in meaning to ...	Мәтінде берілген «X» сөзінің мағынасы келесі жауаптардың қайсысына жақын...
The phrase “X” in the passage is closest in meaning to ...	The phrase “X” in the passage is closest in meaning to ... Мәтінде берілген «X» сөз тіркесінің мағынасы келесі жауаптардың қайсысына жақын...
In stating X, the author means that . . .	X туралы айтқанда, автор оны қандай мағынада айтады...

1. The Official Guide to the TOEFL® Test Fourth Edition, 2012 ISBN: 978-0-07-176657-9, 43 б.

Мысал¹:

PASSAGE EXCERPT (Тапсырмада берілген мәтін үзіндісі): “In the animal world the task of moving about is fulfilled in many ways. For some animals locomotion is accomplished by changes in body shape . . .”

Сұрақ: The word “ locomotion ” in the passage is closest in meaning to (Үзіндідегі «қозғалыс» сөзі мағынасы жағынан ең жақын)

- evolution
- ◇ movement (дұрыс жауап)
- survival
- escape

6 түрі: Анықтамалық сұрақтар (Reference questions)

Бұл сұрақтар үміткерден мәтіндегі сөздер арасындағы анықтамалық қатынасты анықтауды сұрайды. Көбінесе байланыс есімдік пен оның алдындағы (есімдікке қатысты сөз) арасында болады. Кейде грамматикалық сөздердің басқа түрлері тексеріледі (мысалы, which (қайсысы) немесе this (мынау, осы, бұл)).

Анықтамалық сұрақтарды қалай тануға болады?

Анықтамалық сұрақтар сөздік сұрақтарға ұқсас. Мәтін үзіндісінде бір сөз немесе сөз тіркесі ерекшеленеді (асты сызылады/баялады). Бұл әдетте сөзі ретінде беріледі. Содан кейін келесі сұрақтар сұралады:

The word “X ” in the passage refers to . . .	Мәтінде берілген «X» сөзі келесі сқздердің қайсысын анықтайды...
--	--

4 нұсқада жауаптарда сөздер мен сөз тіркестері беріледі. Тапсырмадағы сөз/сөз тіркесі тек бір жауапты ғана білдіріп тұрады.

Мысал²:

PASSAGE EXCERPT (Тапсырмада берілген мәтін үзіндісі): “. . . These laws are universal in their application, regardless of cultural beliefs, geography, or climate. If pots have no bottoms or have large openings in their sides, they could hardly be considered containers in any traditional sense. Since the laws of physics, not some arbitrary decision, have determined the general form of applied-art objects, they follow basic patterns, so much so that functional forms can vary only within certain limits . . . “

Сұрақ: The word “ they ” in the passage refers to (Үзіндідегі «олар» сөзі қайсысына қатысты?)

- ◇ applied-art objects (дұрыс жауап)
- the laws of physics
- containers
- the sides of pots

1. The Official Guide to the TOEFL ® Test Fourth Edition, 2012 ISBN: 978-0-07-176657-9, 44 б.

2. The Official Guide to the TOEFL ® Test Fourth Edition, 2012 ISBN: 978-0-07-176657-9, 45 б.

7-түрі: Сөйлемді оңайлатуға арналған сұрақтар (Sentence Simplification question)

Сұрақтардың бұл түрінде үміткерден мәтінде кездесетін сөйлеммен бірдей негізгі мағынасы бар сөйлемді таңдау сұралады. Оқылым бөліміндегі тапсырмаларда сөйлемді оңайлатуға арналған сұрақтар жиі кездесе бермейді. Ал тапсырмада берілген жағдайда бір сұрақтан артық болмайды.

Сөйлемді оңайлатуға арналған сұрақтарды қалай анықтауға болады?

Бұл сұрақтардың түрінде, мәтіндегі бір сөйлем белгіленеді (қарамен боялады, не асты сызылады). Содан кейін келесі сұрақ сұралады:

Which of the following best expresses the essential information in the highlighted sentence?	Келесі жауаптардың ішінде қайсысы белгіленген сөйлемдегі маңызды ақпаратты нақтырақ көрсетеді?
--	--

Дұрыс таңдалмаған жауап белгіленген сөйлемнің мағынасын ауыстырады.

Сұрақтың мысалы:

Which of the following best expresses the essential information in the highlighted sentence? Incorrect answer choices change the meaning in important ways or leave out essential information. (Келесі сөйлемдердің қайсысы мәтіндегі сызылған/ боялған сөйлемнің мағынасына жақын? Қате жауап сөйлемнің мағынасын айтарлықтай өзгертеді немесе маңызды ақпаратты ескермейді.)

- ◇ Functional applied-art objects cannot vary much from the basic patterns determined by the laws of physics. (дұрыс жауап)
- The function of applied-art objects is determined by basic patterns in the laws of physics.
- Since functional applied-art objects vary only within certain limits, arbitrary decisions cannot have determined their general form.
- The general form of applied-art objects is limited by some arbitrary decision that is not determined by the laws of physics.

8-түрі: Мәтінге сәйкестендіру сұрақтары (Insert Text question)


Сұрақтардың бұл түрінде үміткерге тапсырмада жаңа сөйлем беріледі, үміткер сол сөйлемнің мәтіннің ішінде қай жерде сәйкес келетінін анықтау керек. Үміткер мәтіннің логикасын, сондай-ақ сөйлемдер арасындағы грамматикалық байланыстарды (мысалы, есімдіктерге сілтемелер) түсіну керек. Оқылым бөлімінің тапсырмаларында бұл сұрақ бір рет кездеседі.

Мәтінге сәйкестендіру сұрақтарын қалай анықтауға болады?

TOEFL iBT тестінде бұл сұрақтарды тану оңай. Мәтінде үміткер төрт қара ұяшықтарды көреді. Ұяшықтар сөйлемнің басында не аяғында орналасады. Кейде төрт ұяшықта бір параграфты кездесуі мүмкін. Үміткерде төмендегідей тапсырманы орындау сұралады:

Look at the four squares [☒] that indicate where the following sentence could be added to the passage.	Look at the four squares [☒] that indicate where the following sentence could be added to the passage. Төрт ұяшықпен [☒] берілген сөйлемдер мәтіннің қай жерінде сәйкес келеді?
Where would the sentence best fit? Click on a square [☒] to add the sentence to the passage.	Сөйлем мәтіннің қай жеріне сәйкес келеді? Мәтінге сөйлемді қосу үшін ұяшықты [☒] басыңыз.

Төменде TOEFL iBT тестінде бұл сұрақтың қалай экранда көрінетініне мысал келтірілген.



Мысал:¹

PASSAGE EXCERPT WITH EXAMPLE SQUARES (Тапсырмада берілген мәтін үзіндісі қара ұяшық үлгісімен): “Scholars offer three related but different opinions about this puzzle.☒ One opinion is that the paintings were a record of the seasonal migrations made by herds.☒ Because some paintings were made directly over others, obliterating them, it is probable that a painting’s value ended with the migration it pictured.☒ Unfortunately, this explanation fails to explain the hidden locations, unless the migrations were celebrated with secret ceremonies.☒”

Look at the four squares [☒] that indicate where the following sentence could be added to the passage. (Төрт қара ұяшыққа назар аударыңыз [☒], бұл үзіндіге келесі сөйлемді қайда қосуға болатындығын көрсетеді.)

Сөйлем: All three of them have strengths and weaknesses, but none adequately answers all of the questions the paintings present.

1. The Official Guide to the TOEFL® Test Fourth Edition, 2012 ISBN: 978-0-07-176657-9, 49 б.

Сұрақ: Where would the sentence best fit? (Сөйлем қай жерге сәйкес келеді?)

- ◇ Scholars offer three related but different opinions about this puzzle. All three of them have strengths and weaknesses, but none adequately answers all of the questions the paintings present. One opinion is that the paintings were a record of the seasonal migrations made by herds. ✘ Because some paintings were made directly over others, obliterating them, it is probable that a painting's value ended with the migration it pictured. ✘ Unfortunately, this explanation fails to explain the hidden locations, unless the migrations were celebrated with secret ceremonies. ✘ (дұрыс жауап)
- Scholars offer three related but different opinions about this puzzle. ✘ One opinion is that the paintings were a record of the seasonal migrations made by herds. All three of them have strengths and weaknesses, but none adequately answers all of the questions the paintings present. Because some paintings were made directly over others, obliterating them, it is probable that a painting's value ended with the migration it pictured. ✘ Unfortunately, this explanation fails to explain the hidden locations, unless the migrations were celebrated with secret ceremonies. ✘
- Scholars offer three related but different opinions about this puzzle. ✘ One opinion is that the paintings were a record of the seasonal migrations made by herds. ✘ Because some paintings were made directly over others, obliterating them, it is probable that a painting's value ended with the migration it pictured. All three of them have strengths and weaknesses, but none adequately answers all of the questions the paintings present. Unfortunately, this explanation fails to explain the hidden locations, unless the migrations were celebrated with secret ceremonies. ✘
- Scholars offer three related but different opinions about this puzzle. ✘ One opinion is that the paintings were a record of the seasonal migrations made by herds. ✘ Because some paintings were made directly over others, obliterating them, it is probable that a painting's value ended with the migration it pictured. ✘ Unfortunately, this explanation fails to explain the hidden locations, unless the migrations were celebrated with secret ceremonies. All three of them have strengths and weaknesses, but none adequately answers all of the questions the paintings present.

Үйрену үшін оқу сұрақтары

Үйрену үшін оқу сұрақтарының екі түрі бар: «Прозаның қысқаша мазмұны» және «Кестені толтыру». Үйрену үшін оқу сұрақтары Негізгі ақпарат туралы сұрақтарға қарағанда үміткерден көп талаптануды қажет етеді. Негізгі ақпарат туралы сұрақтары көбінесе үміткердің түсіну қабілеті мен сөйлем деңгейінде мәтінде белгілі бір сәттерді табу мүмкіндігі тексереді.

Үйрену үшін оқу сұрақтары:

- мәтіннің мақсаты мен ұйымдастырылуын анықтау
- ой құрылымы бойынша мәтіндегі ақпаратты ұйымдастыру
- негізгі идеяларды негізгі еместен, және маңызды ақпаратты маңызды еместен ажырату
- себеп-салдар байланыстары, салыстыру, дәлелдер және т.б. сияқты риторикалық функцияларды түсіну кіреді.

Басқа сөзбен айтқанда, үміткер мәтіннің тек негізгі идеясын ғана түсініп қоймай, мәтіндегі ақпаратты толығымен түсінгені көрсету керек. Үйренуге арналған оқу сұрақтары сізден жеке ойларды түсініп қана қоймай, сонымен қатар негізгі идеялар мен қосымша ақпаратты проза немесе кесте сияқты құрылымға орналастыра алатындығыңызды көрсетуді талап етеді. Дұрыс жауап бере отырып, үміткер мәтіннің негізгі тұстарын, мәтіннің қалай және неге олай ұйымдастырылғанын, сондай-ақ мәтін ішіндегі қарым-қатынастың сипатын біле алатындығын көрсетеді.

Мәтіннің ұйымдасқан түрде болуы критикалық оқыту үшін де өте маңызды, өйткені үміткер мәтіннен маңызды ақпаратты есте сақтауға және оны жаңа жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді. Егер үміткер крикалық ойлау білсе, ол мәтіннен негізгі идеялар мен қосымша ақпаратты қайта құра алады. Осылайша үміткер мәтіннің толық түсінгенін тұтастай көрсетеді. TOEFL iBT тестінің оқылым бөлімінде осындай бір сұрақ болады. Бұл прозаның қысқаша мазмұнын беру немесе кестені толтыру туралы тапсырмасы ретінде беріледі.

9-түрі: Прозалық түйіндеме сұрақтары (Prose Summary)

Бұл сұрақтар үміткердің негізгі идеялар мен мәтіндегі ақпараттың салыстырмалы маңыздылығын түсіну және тану қабілетіңізді анықтайды. Үміткерден мәтіндегі негізгі идеяларды таңдап, оларды негізгі емес идеялардан немесе мәтіндегі жоқ идеялардан бөлу сұралады. Жауапты дұрыс таңдау мәтіннің негізгі идеяларын синтездейді. Дұрыс жауап идеялардың синтезі болғандықтан, ол мәтіндегі нақты сөйлемге сәйкес келмейді. Дұрыс жауапты таңдау үшін үміткер негізгі идеялар мен басқа да маңызды ақпаратты жүйелеу және есте сақтау үшін менталдық құрылымды құру қажет. Мәтіндегі ақпараттың салыстырмалы маңыздылығын түсіну бұл қабілет үшін өте маңызды.

Прозалық түйіндеме сұрағында үміткерге жауаптың алты нұсқасы ұсынылады, және одан мәтіннің ең маңызды идеяларды білдіретін үшеуін таңдау сұралады. Әрқайсысы тек 1 баллға бағаланатын негізгі ақпараты бар сұрақтардан айырмашылығы, прозаның қысқаша мазмұнын беру сұрағына 2 ұпай беріледі. Үміткер қанша дұрыс жауапты таңдағанына байланысты 0-ден 2 ұпайға дейін алады. Егер үміткер дұрыс жауап бере алмаса немесе бір ғана дұрыс жауапты таңдаса, онда ұпай берілмейді. Егер екі дұрыс жауапты таңдаса, 1 ұпай беріледі. Егер барлық үш дұрыс жауапты белгілесе, 2 ұпай алады.

Мысал:¹ Because the Prose Summary question asks you to show an understanding of the different parts of the passage, it is necessary to read the entire passage. Parts of the following passage have already been used to illustrate other question types. (Прозалық түйіндеме сұрақтары сізден мәтін үзіндісінен әртүрлі бөліктері туралы түсінігіңізді көрсетуді сұрайтындықтан, оны толығымен оқуыңыз керек. Келесі мәтіннің бөлімдері басқа сұрақтарға мысал келтіру үшін қолданылған.)

1. The Official Guide to the TOEFL® Test Fourth Edition, 2012 ISBN: 978-0-07-176657-9, 51 б.

APPLIED ARTS AND FINE ARTS

Although we now tend to refer to the various crafts according to the materials used to construct them—clay, glass, wood, fiber, and metal—it was once common to think of crafts in terms of function, which led to their being known as the “applied arts.” Approaching crafts from the point of view of function, we can divide them into simple categories: containers, shelters, and supports. There is no way around the fact that containers, shelters, and supports must be functional. The applied arts are thus bound by the laws of physics, which pertain to both the materials used in their making and the substances and things to be contained, supported, and sheltered. These laws are universal in their application, regardless of cultural beliefs, geography, or climate. If a pot has no bottom or has large openings in its sides, it could hardly be considered a container in any traditional sense. Since the laws of physics, not some arbitrary decision, have determined the general form of applied-art objects, they follow basic patterns, so much so that functional forms can vary only within certain limits. Buildings without roofs, for example, are unusual because they depart from the norm. However, not all functional objects are exactly alike; that is why we recognize a Shang Dynasty vase as being different from an Inca vase. What varies is not the basic form but the incidental details that do not obstruct the object’s primary function.

Sensitivity to physical laws is thus an important consideration for the maker of applied-art objects. It is often taken for granted that this is also true for the maker of fine-art objects. This assumption misses a significant difference between the two disciplines. Fine-art objects are not constrained by the laws of physics in the same way that applied-art objects are. Because their primary purpose is not functional, they are only limited in terms of the materials used to make them. Sculptures must, for example, be stable, which requires an understanding of the properties of mass, weight distribution, and stress. Paintings must have rigid stretchers so that the canvas will be taut, and the paint must not deteriorate, crack, or discolor. These are problems that must be overcome by the artist because they tend to intrude upon his or her conception of the work. For example, in the early Italian Renaissance, bronze statues of horses with a raised foreleg usually had a cannonball under that hoof. This was done because the cannonball was needed to support the weight of the leg. In other words, the demands of the laws of physics, not the sculptor’s aesthetic intentions, placed the ball there. That this device was a necessary structural compromise is clear from the fact that the cannonball quickly disappeared when sculptors learned how to strengthen the internal structure of a statue with iron braces (iron being much stronger than bronze).

Even though the fine arts in the twentieth century often treat materials in new ways, the basic difference in attitude of artists in relation to their materials in the fine arts and the applied arts remains relatively constant. It would therefore not be too great an exaggeration to say that practitioners of the fine arts work to overcome the limitations of their materials, whereas those engaged in the applied arts work in concert with their materials.

An introductory sentence for a brief summary of the passage is provided below. Complete the summary by selecting the THREE answer choices that express the most important ideas in the passage. Some sentences do not belong in the summary because they express ideas that are not presented in the passage or are minor ideas in the passage. **This question is worth 2 points.**

(Мәтіннің қысқаша мазмұны үшін кіріспе сөйлем төменде берілген. Мәтіндегі ең маңызды идеяларды білдіретін жауаптың ҮШ нұсқасын таңдап, түйіндемені аяқтаңыз. Кейбір сөйлемдер түйіндемеге қатысы жоқ, өйткені олар мәтінде көрсетілмеген немесе қосымша идеялар болып табылады. Бұл сұраққа 2 ұпай беріледі.)

Сұрақ: *This passage discusses fundamental differences between applied-art objects and fine-art objects.* (Бұл үзіндіде қолданбалы өнер мен бейнелеу өнері арасындағы түбегейлі айырмашылықтар талқыланады.)

-
-
-

Жауаптарды таңдау: Answer Choices

1. Applied-art objects fulfill functions, such as containing or sheltering, and objects with the same function have similar characteristics because they are constrained by their purpose.
2. It is easy to recognize that Shang Dynasty vases are different from Inca vases.
3. Fine-art objects are not functional, so they are limited only by the properties of the materials used.
4. Renaissance sculptors learned to use iron braces to strengthen the internal structures of bronze statues.
5. In the twentieth century, fine artists and applied artists became more similar to one another in their attitudes toward their materials.
6. In all periods, fine artists tend to challenge the physical limitations of their materials while applied artists tend to cooperate with the physical properties of their materials.

10-түрі: Кестені толтыру сұрақтары (Fill in a Table)

Бұл сұрақтардың түрінде, үміткерге мәтіндегі ақпаратқа сәйкес жартылай толтырылған кесте беріледі. Үміткердің міндеті дұрыс жауапты қою арқылы және кестедегі дұрыс орындарға апару арқылы осы кестені толтыру. Кестені толтыру сұрақтары үміткердің негізгі идеялар мен мәтіндегі басқа ақпаратты тұжырымдап, оларды лайықты категорияларға орналастыра алу қабілетін бағалайды. Бұл дегеніміз, алдымен мәтіннің негізгі тұстарын анықтап, содан кейін оларды тиісті контекстке қоя алу.

«Прозалық түйіндеме» сұрақтарындағыдай, қабілетті оқырман негізгі идеялар мен басқа да маңызды ақпаратты жүйелеу және есте сақтау үшін менталды құрылым жасайды. Бұл себеп-салдар байланыстары, салыстыру, дәлелдер және т.б. сияқты риторикалық функцияларды түсіну қабілетін қажет етеді. Менталды схеманы құру кезінде, мәтіндегі негізгі идеялар, олар – үміткер мәтінге байланысты мазмұндама жасаған кезде қолданылатын идеялар екенін есте сақтау қажет. Әдетте, дұрыс жауап нұсқалары-бұл детальды мазмұндамаға енгізілуі керек идеялар. Шағын детальдар мен мысалдар әдетте мұндай схемаға кірмейді, өйткені олар тек маңызды, жоғары деңгейлі ақпаратқа қолдау көрсету үшін қолданылады. Негізгі идеялар/маңызды ақпарат пен аз маңызды ақпарат арасындағы айырмашылықты маңызды және маңызды емес ақпарат арасындағы айырмашылық ретінде қарастыруға болады.

«Кестені толтыру» сұрақтары бар мәтіндердің үзінділерінде бірнеше даму бағыты бар, өйткені олар бірнеше көзқарастарды қамтиды. Мұндай мәтіндерде: салыстыру / қарама-қайшылық, проблема/шешім, себеп/нәтиже, балама дәлелдер (мысалы, теориялар) кездеседі.

Дұрыс жауаптар мәтіндегі негізгі идеялар мен маңызды қосымша ақпаратты білдіреді. Әдетте бұл жауаптар мәтіндегі нақты сөз тіркестеріне сәйкес келмейді. Бұл мәтіндегі ақпаратқа негізделген абстрактік ұғымдар болуы мүмкін немесе басқа синоним сөздермен берілуі мүмкін.

Қате жауаптар мәтінде айтылмаған немесе кестедегі жіктеу санаттарына тікелей қатысы жоқ тақырып туралы ақпаратты қамтуы мүмкін. Олар сондай-ақ мәтін мазмұнына негізделген анық емес сөйлемдер ретінде берілуі мүмкін. Қате жауаптар мәтінде кездесетін сөздер мен сөз тіркестеріне сәйкес келетін немесе ұқсас сөздер мен сөз тіркестерін қамтуы мүмкін.

Мысалы:

Ескерту¹: The passage used for this example is the same one that was used above for the Prose Summary example question. In an actual test, you will not receive both a Prose Summary question and a Fill in a Table question about the same passage. (Бұл тапсырмада да жоғарыда прозалық түйіндемелер сұрағындағы мәтін қолданылды. Шынайы тестте үміткерге прозалық түйіндеме сұрағына да кестені толтыру сұрағына да бірдей мәтін берілмейді.)

Directions (*Тапсырма*): Complete the table below to summarize information about the two types of art discussed in the passage. Match the appropriate statements to the types of art with which they are associated. This question is worth 3 points. (Мәтін үзіндісінде талқыланған екі өнер түрі туралы ақпаратты қорытындылау үшін төмендегі кестені толтырыңыз. Төмендегі мәлімдемелерді тиісті өнер түрлерімен байланыстырыңыз. Бұл сұраққа 3 ұпай беріледі.)

TYPES OF ART (Өнер түрлері)	STATEMENTS (Мәлімдемелер)
The Applied Arts (Қолданбалы өнер)	Select 3 (3-н таңдаңыз) • • •
The Fine Arts (Бейнелеу өнері)	Select 2 (2-н таңдаңыз) • •

1. The Official Guide to the TOEFL® Test Fourth Edition, 2012 ISBN: 978-0-07-176657-9, 55 б.

Statements (Мәлімдемелер)

An object's purpose is primarily aesthetic.

Objects serve a functional purpose.

The incidental details of objects do not vary.

Artists work to overcome the limitations of their materials.

The basic form of objects varies little across cultures.

Artists work in concert with their materials.

An object's place of origin is difficult to determine.

Drag your answer choices to the spaces where they belong. (This question type fills the computer screen. To see the passage, click on View Text.) *Тест кезінде жауап нұсқаларын тиісті жерлерге апарып қойыңыз. (Сұрақтың бұл түрі компьютер экранында толтырылады. Мәтінді көру үшін «мәтінді қарау» батырмасын басыңыз.)*

Кесте ережелері

Кестелерде төрт-бес дұрыс жауап нұсқалары бар екі немесе үш баған/жол болуы мүмкін. Жауаптардың нұсқасы әрқашан дұрыстарынан көп болады. Кейбір жауап нұсқаулары қолданылмайды. Жауапты кестеде бір рет ғана таңдауға болады.

Бағалау

Ұпай жинау үшін үміткер дұрыс жауап нұсқаларын таңдап, оларды кестеде дұрыс орналастыруы керек. Төрт дұрыс жауабы бар кестелер үшін 2 ұпайға дейін және бес дұрыс жауабы бар кестелер үшін 3 ұпайға дейін беріледі. 2 ұпайлық кестеде бір немесе екі дұрыс жауапты берген жағдайда ұпай берілмейді. Дұрыс үш жауап үшін бір ұпай және барлық төрт дұрыс жауап үшін 2 ұпай беріледі. 3 ұпайлық кестеде, бір немесе екі дұрыс жауап үшін ұпай берілмейді. Үш дұрыс жауап үшін 1 ұпай, төрт дұрыс жауап үшін 2 ұпай және бес дұрыс жауап үшін 3 ұпай беріледі.

Тыңдалым бөлімі (Listening Section)

TOEFL iBT тестінің тыңдалым бөлімінде үміткерге үш-төрт дәріс пен екі-үш әңгіме аудиожазбалары беріледі. Дәріс алты сұрақтан, ал әр әңгіме бес сұрақтан тұрады. Барлық тыңдалым сұрақтарына жауап беру үшін үміткерге 41-57 минут уақыт беріледі.

Тыңдалым бөлімінің материалдары¹

TOEFL iBT тестінің Тыңдалым бөлімінің материалдары екі түрі бар: әңгімелер мен дәрістер. Екеуі де ағылшын тілінде оқытатын жоғары оқу орындарында қолданылатын нақты сөйлеуге негізделген.

Әр дәріс немесе әңгіме шамамен 4-5 минутқа созылады және мүмкіндігінше шынайы академиялық тілді қолданады. Мысалы, дәріс оқитын профессор негізгі тақырыптан біршама ауытқып кетуі мүмкін, студенттер мен профессор арасындағы қарым-қатынас кең болуы мүмкін, ал мазмұнды толық түсіндіруі мүмкін. Ауызша сөйлеудің өзін-өзі түзететін орфографиялық қателер және қайталау сияқты ерекшеліктері де кездеседі. Дәрістер мен әңгімелер кезінде үміткер жазбалар жасай алады. Сұрақтар үміткердің жадында сақтау қабілетін тексермейді, керісінше әңгіме немесе дәрісті түсіну қабілетін тексеруге арналған.

1. The Official Guide to the TOEFL® Test 2021, ISBN 978-1-260-47035-2, 117-129 66.

Әңгімелер

«Тыңдалым» бөлімінде әңгімелердің екі түрі бар:

- офис уақыты
- қызметтік кездесулер

Бұл әңгімелер ағылшын тілі негізгі тіл болып табылатын университет кампустарында кездесетіндерге тән. Офис уақытындағы әңгімелер–бұл профессордың офисінде студентпен кездескендегі әңгіме түрі. Мазмұны академиялық немесе курстың талаптарына қатысты болуы мүмкін. Мысалы, офис уақытында студент жұмыс тапсыру уақытын ұзартуды сұрауы мүмкін (академиялық емес мазмұн) немесе студент дәрістің мазмұны (академиялық) туралы түсініктеме сұрауы мүмкін. Қызметтік кездесулер–бұл кампуста орын алатын және академиялық мазмұны жоқ өзара әңгімелер. Мысалдарға жатақхананың төлемі туралы немесе курсқа тіркелу туралы әңгімелер жатады. Әр әңгімеге бес сұрақ беріледі.

Дәрістер

«Тыңдалым» бөліміндегі дәрістер–бұл профессорлар сабақтың кезінде қолданатын тілді қамтиды. Дәрістің үзіндісінде тек профессордың сөзі болуы мүмкін немесе профессормен студенттер арасындағы әңгіме болуы мүмкін, мысалы, профессорға сұрақ қойып жатқан студент немесе профессор студенттен жауап беруді сұрап жатқан әңгіме. Әр дәріс шамамен 5 минутқа созылады және алты сұрақтан тұрады.

Дәрістердің мазмұны жоғары оқу орындарындағы курстардың кіріспе деңгейдегі мазмұнын көрсетеді. Дәріс тақырыптары көптеген пәндерді қамтиды. Үміткер тақырып бойынша алдын-ала білмейді деп болжанады. Сұрақтарға жауап беру үшін қажетті ақпарат дәрісте кездеседі. Төмендегі тізім әдетте «тыңдалым» бөлімінде кездесетін тақырыптарды қамтиды:

Arts	Өнер
Life Science	Өмір туралы ғылым
Physical Science	Физикалық ғылым
Social Science	Әлеуметтік ғылым
Arts lectures may be on topics such as: Architecture Industrial design/art City planning Crafts (weaving, knitting, fabrics, furniture, carving, mosaics, ceramics, folk and tribal art) Cave/rock art Music and music history Photography Literature and authors Books, newspapers, magazines, journals	Өнер дәрістері келесі тақырыптарда болуы мүмкін: Сәулет Өнеркәсіптік дизайн/өнер Қала құрылысы Қолөнер (тоқу, маталар, жиһаз, ою, мозайка, керамика, халықтық және тайпалық өнер) Рок өнері Музыка және музыка тарихы Суретке түсіру Әдебиет және авторлар Кітаптар, газеттер, журналдар

<p>Life Science lectures may be on topics such as:</p> <p>Extinction of or conservation efforts for animals and plants</p> <p>Fish and other aquatic organisms</p> <p>Bacteria and other microorganisms</p> <p>Medical techniques</p> <p>Public health</p> <p>Physiology of sensory organs</p> <p>Biochemistry</p> <p>Animal behavior (migration, food foraging, defenses)</p> <p>Habitats and the adaptation of animals and plants to them</p> <p>Nutrition and its impact on the body</p> <p>Animal communication</p>	<p>Өмір туралы дәрістер келесі тақырыптарда болуы мүмкін:</p> <p>Жануарлар мен өсімдіктерді сақтау</p> <p>Балық және басқа да су организмдері</p> <p>Бактериялар мен басқа микроорганизмдер</p> <p>Медициналық әдістер</p> <p>Қоғамдық денсаулық</p> <p>Сезім мүшелерінің физиологиясы</p> <p>Биохимия</p> <p>Жануарлардың мінез-құлқы (миграция, қоректену, қорғаныс)</p> <p>Өмір сүру ортасы және жануарлар мен өсімдіктердің оларға бейімделуі</p> <p>Тамақтану және оның ағзаға әсері</p> <p>Жануарлармен байланыс</p>
<p>Physical Science lectures may be on topics such as:</p> <p>Weather and atmosphere</p> <p>Oceanography</p> <p>Glaciers, glacial landforms, ice ages</p> <p>Deserts and other extreme environments</p> <p>Pollution, alternative energy, environmental policy</p> <p>Other planets' atmospheres</p> <p>Astronomy and cosmology</p> <p>Properties of light, optics</p> <p>Properties of sound</p> <p>Electromagnetic radiation</p> <p>Particle physics</p> <p>Technology of TV, radio, radar</p> <p>Chemistry of inorganic things</p> <p>Computer science</p> <p>Seismology (plate structure, earthquakes, tectonics, continental drift, structure of volcanoes)</p>	<p>Физика ғылымы дәрістері келесі тақырыптарда болуы мүмкін:</p> <p>Ауа райы мен атмосфера</p> <p>Океанография</p> <p>Мұздықтар, мұздық жер бедері, мұз дәуірі</p> <p>Шөлдер мен басқа да экстремалды орта</p> <p>Ластану, баламалы энергия, экологиялық саясат</p> <p>Басқа планеталардың атмосферасы</p> <p>Астрономия мен космология</p> <p>Жарық, оптика қасиеттері</p> <p>Дыбыстың қасиеттері</p> <p>Электромагниттік сәулелену</p> <p>Бөлшектер физикасы</p> <p>Теледидар, радио, радиолокация технологиясы</p> <p>Бейорганикалық заттардың химиясы</p> <p>Информатика</p> <p>Сейсмология (плиталардың құрылымы, жер сілкіністері, тектоника, құрлықтық дрейф, вулкандардың құрылымы)</p>
<p>Social Science lectures may be on topics such as:</p> <p>Anthropology of nonindustrialized civilizations</p> <p>Early writing systems</p> <p>Historical linguistics</p>	<p>Әлеуметтік ғылымдар дәрістері келесі тақырыптарда болуы мүмкін:</p> <p>Индустрияланбаған өркениеттер антропологиясы</p> <p>Ерте жазу жүйелері</p> <p>Тарихи лингвистика</p>

Business, management, marketing, accounting TV/radio as mass communication Social behavior of groups, community dynamics, communal behavior Child development Education Modern history (including the history of urbanization and industrialization and their economic and social effects)	Бизнес, менеджмент, маркетинг, есеп Теледидар/радио бұқаралық байланыс ретінде Топтардың әлеуметтік мінез – құлқы, қоғамдастық динамикасы Баланың дамуы Білім беру Қазіргі тарих (урбанизация мен индустрияландыру тарихын және олардың экономикалық және әлеуметтік әсерлерін қосқанда)
---	---

Тыңдалым бөлімінің сұрақтары

Дәрістер мен әңгімелерден кейінгі тыңдалым сұрақтарының көпшілігі – бұл төрт жауап нұсқасы мен бір дұрыс жауабы бар дәстүрлі бірнеше таңдау сұрақтарынан тұрады. Сұрақтардың басқа да форматтары бар:

- бірнеше дұрыс жауаптары бар бірнеше таңдау сұрақтары (мысалы, төрт таңдаудан екі жауап немесе бес нұсқадан үш дұрыс жауап)
- процестегі оқиғаларды немесе қадамдарды ретке келтіруді талап ететін сұрақтар
- мәтінді кестедегі санаттармен салыстыруды және ұяшықтарға белгілерді орнатуды қажет ететін сұрақтар

Кейбір сұрақтар дәрістің немесе әңгіменің бір бөлігін қайталайды. Содан кейін үміткерге тыңдалған ақпарат туралы бірнеше таңдау сұрағы беріледі. Тыңдалым бөлімінде сұрақтардың сегіз түрі бар. Бұл түрлер төмендегідей үш санатқа бөлінеді:

Basic Comprehension questions 1. Gist-Content 2. Gist-Purpose 3. Detail	Түсінуге арналған негізгі сұрақтар 1. Мән Мазмұн 2. Мән Мақсат 3. Мәліметтер
Pragmatic Understanding questions 4. Understanding the Function of What Is Said 5. Understanding the Speaker's Attitude	Прагматикалық түсіну сұрақтары 4. Айтылғанның қызметін түсіну 5. Баяндамашының көзқарасын түсіну
Connecting Information questions 6. Understanding Organization	Ақпаратты сәйкестендіру сұрақтары 6. Ұйымдастыруды түсіну
7. Connecting Content 8. Making Inferences	7. Мазмұнды байланыстыру 8. Қорытынды жасау

Түсінуге арналған негізгі сұрақтар (Basic Comprehension questions)

Дәрістергі немесе әңгімедегі негізгі ақпаратты түсіну үш жолмен тексеріледі: Мән Мазмұн, Мән Мақсат, Мәліметтер туралы сұрақтар.

1-түрі: Мән Мазмұн сұрақтары (Gist-Content)

Дәріс немесе әңгіменің мәнін түсіну аудиожазбадағы жалпы тақырыпты немесе негізгі ойды/идеяны түсінуді білдіреді. Дәрістің немесе әңгіменің мәні ашық немесе жасырын түрде айтылуы мүмкін. Дәрістің немесе әңгіменің мәнін түсінуді тексеретін сұрақтар тыңдалған материалдардан ақпаратты жалпылауды немесе синтездеуді талап етуі мүмкін.

Мән Мазмұн сұрақтарын қалай анықтауға болады?

Мән Мазмұн сұрақтары әдетте келесі түрде беріледі:

What problem does the man have?	Баяндамашының қандай проблемасы бар?
What are the speakers mainly discussing?	Баяндамашылар негізінен нені талқылайды?
What is the main topic of the lecture?	Негізгі тақырыбы қандай?
What is the lecture mainly about?	Дәріс негізінен не туралы?
What aspect of X does the professor mainly discuss?	Профессор X-тің қандай аспектісін талқылайды?

Мысалы:¹

Excerpt from a lecture (Дәрістен үзінді):

Professor

... So the Earth's surface is made up of these huge segments, these tectonic plates. And these plates move, right? But how can, uh, motion of plates, do you think, influence climate on the Earth? Again, all of you probably read this section in the book, I hope, but, uh, uh, how—how can just motion of the plates impact the climate?

... when a plate moves, if there's landmass on the plate, then the landmass moves too, okay? That's why continents shift their positions, because the plates they're on move. So as a landmass moves away from the equator, its climate would get colder. So, right now we have a continent—the landmass Antarctica—that's on a pole.

So that's dramatically influencing the climate in Antarctica. Um, there was a time when most of the landmasses were closer to a pole; they weren't so close to the equator. Uh, maybe 200 million years ago Antarctica was attached to the South American continent; oh, and Africa was attached too, and the three of them began moving away from the equator together.

... in the Himalayas. That was where two continental plates collided. Two continents on separate plates. Um, when this, uh, Indian, uh, uh, plate collided with the Asian plate, it wasn't until then that we created the Himalayas. When we did that, then we started creating the type of cold climate that we see there now. Wasn't there until this area was uplifted.

1. The Official Guide to the TOEFL® Test Fourth Edition, 2012 ISBN: 978-0-07-176657-9, 127 6.

So again, that's something else that plate tectonics plays a critical role in. Now, these processes are relatively slow; the, uh, Himalayas are still rising, but on the order of millimeters per year. So they're not dramatically influencing climate on your—the time scale of your lifetime. But over the last few thousands of—tens of thousands of years, uh—hundreds of thousands of years—yes, they've dramatically influenced it.

Uh, another important thing—number three—on how plate tectonics have influenced climate is how they've influenced—we talked about how changing landmasses can affect atmospheric circulation patterns, but if you alter where the landmasses are connected, it can impact oceanic, uh, uh, uh, circulation patterns.

... Um, so, uh, these other processes, if, if we were to disconnect North and South America right through the middle—say, through Panama—that would dramatically influence climate in North and South America—probably the whole globe. So suddenly now as the two continents gradually move apart, you can have different circulation patterns in the ocean between the two. So, uh, that might cause a dramatic change in climate if that were to happen, just as we've had happen here in Antarctica to separate, uh, from South America.

Сұрақ: What is the main topic of the lecture? (Дәрістің негізгі тақырыбы қандай?)

- The differences in climate that occur in different countries
- ♦ How movement of the Earth's plates can affect climate (дұрыс жауап)
- Why the ocean has less effect on climate than previously thought
- The history of the climate of the region where the university is located

2-түрі: Мән Мақсат сұрақтары (Gist-Purpose)

Кейбір сұрақтар тыңдалым тапсырмаларының мазмұнына емес, әңгіме немесе дәрістің мақсатына бағытталған.

Мән Мақсат сұрақтарын қалай анықтауға болады?

Мән Мақсат сұрақтары әдетте келесі түрде беріледі:

Why does the student visit the professor?	Неліктен студент профессорға барады?
Why does the student visit the registrar's office?	Неліктен студент регистрар офисіне барады?
Why did the professor ask to see the student?	Неліктен профессор студентпен кездесуді сұрады?
Why does the professor explain X?	Неліктен профессор X-ті түсіндіреді?

Мысалы:¹

Narrator: Listen to a conversation between a professor and a student.

(Диктор: Профессор мен студенттің әңгімесін тыңдаңыз.)

Student: I was hoping you could look over my note cards for my presentation . . . just to see what you think of it.

Professor: Okay, so refresh my memory: what's your presentation about?

Student: Two models of decision making . . .

1. The Official Guide to the TOEFL® Test Fourth Edition, 2012 ISBN: 978-0-07-176657-9, 129 6.

Professor: Oh, yes—the classical and the administrative model.

Student: Yeah, that's it.

Professor: And what's the point of your talk?

Student: I'm gonna talk about the advantages and disadvantages of both models.

Professor: But what's the point of your talk? Are you going to say that one's better than the other?

Student: Well, I think the administrative model's definitely more realistic. But I don't think it's complete. It's kind of a tool . . . a tool to see what can go wrong.

Professor: Okay, so what's the point of your talk? What are you trying to convince me to believe?

Student: Well, uh, the classical model—you shouldn't use it by itself. A lot of companies just try to follow the classical model, but they should really use both models together.

Professor: Okay, good. So let me take a look at your notes here . . . Oh, typed notes, . . . Wow you've got a lot packed in here. Are you sure you're going to be able to follow this during your talk?

Student: Oh, sure; that's why I typed them, because otherwise . . . well, my handwriting's not very clear.

Сұрақ: Why does the student visit the professor? (Неліктен студент профессорға барады?)

- To get some note cards for his presentation
- To show her some examples of common errors in research
- ◊ To review the notes for his presentation with her (*дұрыс жауап*)
- To ask for help in finding a topic for his presentation

3-түрі: Мәліметтер (детальдар) туралы сұрақтар (Detail)

Мәліметтер туралы сұрақтар үміткерден дәріс немесе әңгімеден нақты мәліметтерді немесе фактілерді түсінуді және есте сақтауды талап етеді. Бұл мәліметтер, әдетте, түсіндірмелер, мысалдар немесе басқа да ақпараттар арқылы әңгіменің немесе дәрістің мағынасына тікелей немесе жанама түрде байланысты болады. Кейбір жағдайларда, негізгі идеяға нақты қатысы жоқ ұзақ ауытқу болған жағдай да, үміткерден нақты мәліметтер туралы сұралу мүмкін.

Мәліметтер (детальдар) туралы сұрақтарды қалай анықтауға болады?

Мәліметтер (детальдар) туралы сұрақтар әдетте келесі түрде беріледі:

According to the professor, what is one way that X can affect Y?	Профессордың айтуынша, X Y-ге қалай әсер етуі мүмкін?
What resulted from the invention of the X?	X өнертабысының нәтижесінде не болды?
What is X?	X деген не?
According to the professor, what is the main problem with the X theory?	Профессордың айтуынша, X теориясының негізгі мәселесі неде?

Мысал:¹

Professor:

Uh, other things that glaciers can do is, uh, as they retreat, instead of depositing some till, uh, scraped-up soil, in the area, they might leave a big ice block, and it breaks off, and as the ice block melts, it leaves a depression, which can become a lake. These are called kettle lakes. These are very critical ecosystems in this region, um, because, uh, uh, they support some unique biological diversity, these kettle lakes do. The Great Lakes are like this; they were left over from the Pleist - from the Pleistocene glaciers. Uh, the Great Lakes used to be a lot bigger as the glaciers were retreating; some of the lakes were as much as a hundred feet higher in elevation. The beach of a former higher stage of Lake Erie was about 50 miles away from where the beach - the current beach of Lake Erie - is right now. So I just wanted to tell you a little bit more about glaciers and some positive things, uh, that we get from climate change, like the ecosystems that develop in these kettle lakes, and how we can look at them in an environmental perspective...

Сұрақ: What are kettle lakes? (Шайлы көлдер дегеніміз не?)

- o Lakes that form in the center of a volcano
- o Lakes that have been damaged by the greenhouse effect
- o Lakes formed by unusually large amounts of precipitation
- o Lakes formed when pieces of glaciers melt

Сұрақ: How did the glaciers affect the Great Lakes? (Мұздықтар Ұлы көлдерге қалай әсер етті?)

- o They made the Great Lakes smaller.
- o They made the Great Lakes deeper.
- o They reduced the biodiversity of the Great Lakes.
- o They widened the beaches around the Great Lakes.

Прагматикалық түсіну сұрақтары (*Pragmatic Understanding questions*)

Прагматикалық түсіну сұрақтары ауызекі ағылшын тілінің негізгі түсініктен тыс кейбір ерекшеліктерін түсінуді тексереді. Жалпы, сұрақтардың бұл түрлері баяндамашының сөйлеу функциясын, ұстанымын немесе көзқарасын үміткердің қаншалықты жақсы түсінетіндігін тексереді. Кейбір жағдайларда прагматикалық түсіну сұрақтары әңгіме немесе дәрістің спикерінің мақсаты немесе көзқарасы тікелей айтылмайтын бөліктерін тексереді. Мұндай жағдайларда тікелей көрсетілген – тұспалдап айтылған сөз – мәлімдеменің функциясы мен мақсатына дәл сәйкес келмейді. Адамдардың айтқандары көбінесе тікелей мағынадан тыс деңгейде түсінуге арналған. Егер мысал келтірілетін болса, «Мұнда өте суық» деген сөйлемді бөлмедегі температураға қатысты мәлімдеме ретінде түсінуге болады. Бірақ спикер – бұл сіздің үйіңіздегі қонақ делік, ол дірілдеп, ашық терезеге қарап осы сөйлемді қолдануы мүмкін. Бұл жағдайда сіздің қонағыңыз сіздің терезені жапқаныңызды тұспалдауы мүмкін. Бұл мысалда спикердің сөйлеу функциясы–терезені жабуға мәжбүр ету–тұспалдап сөйлеудің мағынасын білдіріп отыр. Көбінесе мұндай сөйлемдердің артында жасырылатын функцияларға бағыт, ұсыныс, шағым, қабылдау, келісу, баяндау, сұрақтар және басқалар жатады.

1. The Official Guide to the TOEFL® Test Fourth Edition, 2012 ISBN: 978-0-07-176657-9, 131 б.

Бүкіл дәрістің немесе әңгімелердің мағынасын түсіну спикердің ұстанымына қатысты болған жағдайда өте маңызды. Мәлімдеме факт немесе пікір ретінде қабылданады ма? Баяндамашы өзі хабарлаған ақпаратқа қаншалықты сенімді? Спикер бір адамға, затқа немесе оқиғаға белгілі бір сезімдерді немесе көзқарастарды білдіре ме? Жоғарыда көрсетілгендей, бұл сезімдер немесе көзқарастар тікелей емес мағынаны білдіруі мүмкін. Осылайша, олар оңай назардан тыс қалуы немесе ана тілінде сөйлемейтін адамдар түсінбеуі мүмкін. Прагматикалық түсінудің кейбір мәселелеріне үміткердің назарын тиісті бөлімге аудару үшін дәрістің немесе әңгіменің бір бөлігін қайта тыңдауға болады. Прагматикалық түсіну сұрақтарының екі түрі бар: айтылғандардың функциясын түсінуге байланысты сұрақтар және спикердің көзқарасын түсінуге байланысты сұрақтар.

4-түрі: Айтылғанның қызметін түсіну сұрақтары (Understanding the Function of What Is Said)

Прагматикалық түсіну сұрақтарының бұл түрі үміткердің айтылған ақпараттың функциясын түсіне алу қабілетін тексереді. Тест кезінде бұл сұрақтарға қатысты әңгімедегі не дәрістегі ақпаратты қайта тыңдауға болады.

Сұрақтар әдетте төмендегідей сұралады:

What does the professor imply when he says this? (replay)	Мұны айтқан профессор нені меңзейді? (қайталап тыңдау)
Why does the student say this? (replay)	Неліктен студент бұлай айтады? (қайталап тыңдау)
What does the professor mean when she says this? (replay)	Профессор бұл туралы қандай мағынада айтып отыр? (қайталап тыңдау)

Мысалы:¹

Excerpt from a conversation between a male student and a female administrative assistant. They are discussing his dorm fees. (Студент пен әкімшілік сұрақтар бойынша көмекшінің арасындағы әңгімеден үзінді. Олар студенттің жатақхана ақысын төлеуін талқылауда)

Narrator: Listen again to a part of the conversation. Then answer the question. (Диктор: Әңгіменің бір бөлігін қайтадан тыңдаңыз. Содан кейін сұраққа жауап беріңіз.)

Student: Okay. I'll just pay with a credit card. [pause] And where do I do that at?

Administrative Assistant: At, um, the housing office.

Student: Housing office, all right.

Administrative Assistant: Do you know where they are?

1. The Official Guide to the TOEFL® Test Fourth Edition, 2012 ISBN: 978-0-07-176657-9, 133 б.

Сұрақ: Narrator: What is the woman trying to find out from the man? (Диктор: бұл әйел ер адамнан не білуге тырысуда?)

- o Where the housing office is
- o Approximately how far away the housing office is
- o Whether she needs to tell him where the housing office is
- o Whether he has been to the housing office already

5-түрі: Баяндамашының көзқарасын түсіну сұрақтары (Understanding the Speaker's Attitude)

Прагматикалық түсіну сұрақтарының екінші түрі үміткердің тыңдалған ақпараттан баяндамашының көзқарасы не ойын түсіне алу қабілетін тексереді.

Үміткерден баяндамашының сезімі, нені ұнатып/ұнатпай жатқанын, немесе мазасыздық пен көтеріңкі көңіл күйінің себебін сұрауы мүмкін. Бұл санатқа спикердің сенімділік дәрежесі туралы сұрақтар да кіреді: спикер дереккөзге сілтеме жасап жатыр ма немесе жеке пікірін білдірді ме? Берілген фактілер жалпы қабылданған ба немесе олар даулы ма? Кейде сұрақ сіздің иронияны анықтау және түсіну қабілетіңізді тексереді. Болжалды ақпарат баяндамашының нақты айтқанына қарама-қарсы келсе ол кекетіп сөйлеуі мүмкін.

Мысалы, «Бұл өте жақсы» деген сөзді интонациямен айтқанда баяндамашы «Бұл мүлдем жақсы емес» деген мағынаны меңзеуі мүмкін. Баяндамашылар иронияны әртүрлі мақсаттарда қолданады, соның ішінде талқыланған ойды басып айту үшін, кейде аудиторияның назарын аулау үшін әңгімесіне әзіл қосқанда, немесе жанама түрде наразылық білдіргенде. Тыңдаушылар баяндамашының контекстінде де, интонациясында да ирониялық мәлімдеменің нақты мағынасы туралы қорытынды жасауы керек.

Бұл сұрақтар әдетте төмендегідей сұралады:

What can be inferred about the student?	Студент туралы не айтуға болады?
What is the professor's attitude toward X?	Профессор X-ға қалай қарайды?
What is the professor's opinion of X?	Профессор X туралы ойы қандай?
What can be inferred about the student when she says this? (replay)	Студент ол туралы айтқан кезде не айтуға болады? (қайталап тыңдау)
What does the woman mean when she says this? (replay)	Мұны айтқан кезде әйел нені меңзеді? (қайталап тыңдау)

Мысалы:¹

Excerpt from a conversation between a male student and his female advisor. In this part of a longer conversation, they are discussing the student's job. (Ер студент пен оның кеңесшісі арасындағы әңгімеден үзінді. Ұзақ әңгіменің осы бөлігінде олар студенттің жұмысын талқылайды.)

Advisor: Well, good. So, bookstore isn't working out?

Student: Oh, bookstore's working out fine. I just, I - this pays almost double what the bookstore does.

Advisor: Oh, wow!

Student: Yeah. Plus credit.

Advisor: Plus credit.

Student: And it's more hours, which . . . The bookstore's - I mean it's a decent job 'n' all. Everybody I work with . . . that part's great; it's just . . . I mean I'm shelving books and kind of hanging out and not doing much else . . . if it weren't for the people, it'd be totally boring.

Сұрақ: Narrator: What is the student's attitude toward the people he currently works with? (Диктор: Студент қазір бірге жұмыс жасайтын адамдар туралы не ойлайды?)

- He finds them boring.
- ◊ He likes them. (дұрыс жауап)
- He is annoyed by them.
- He does not have much in common with them.

Ақпаратты сәйкестендіру сұрақтары (Connecting Information questions)

Ақпаратты сәйкестендіру сұрақтары үміткерден дәріс немесе әңгімедегі ақпарат бөліктері арасында байланыс орнатуды талап етеді. Үміткердің дәрістің немесе әңгіменің әртүрлі бөліктерінен ақпаратты біріктіру, қорытынды жасау, жалпылау және болжау жасау қабілеті тексеріледі. Үміткер дұрыс жауапты таңдау үшін дәріс немесе әңгімедегі идеялар мен детальдар арасындағы қатынасты анықтап, түсіндіре білу керек. Бұл қатынастар айқын немесе жасырын болуы мүмкін. Ақпаратты сәйкестендіру сұрақтарының үш түрі бар.

6-түрі: Ұйымдастыруды түсіну (Understanding Organization)

Бұл сұрақтар үміткерден дәрістің жалпы ұйымдастырылуы немесе тыңдалған ақпараттың екі бөлігінің өзара байланысы туралы сұралуы мүмкін. Төменде екі мысал дұрыс жауап нұсқауларымен берілген:

1. How does the professor organize the information that she presents to the class? • In the order in which the events occurred	1. Профессор аудиторияға ұсынатын ақпаратты қалай жүйелейді? Оқиғалар болған тәртіпте.
2. How does the professor clarify the points he makes about Mexico? • By comparing Mexico to a neighboring country	2. Профессор Мексика туралы ойларын қалай түсіндіреді? Мексиканы көрші елмен салыстыру арқылы

1. The Official Guide to the TOEFL® Test Fourth Edition, 2012 ISBN: 978-0-07-176657-9, 134 б.

Осы сұрақтардың біріншісі ақпараттың жалпы ұйымдастырылуына, тыңдалған дәрістегі байланыстарды түсінуді тексеруге қатысты. Екіншісі дәрістің бір бөлігі туралы сұрайды, екі түрлі идеяның өзара байланысын түсінуді тексереді. Ұйымдастыруды түсіну сұрақтары тест тапсырушыдан бір мәлімдеменің басқа мәлімдемелерге қатысы қалай жұмыс істейтінін анықтауды немесе табуды сұрауы мүмкін. Функцияларға тақырыпты өзгерту, негізгі тақырыпты тақырыпшамен сәйкестендіру, кіріспе немесе қорытындыны беру, мысал келтіру, бір тақырыптан шегіне бастау немесе тіпті әзілге өтуі мүмкін.

Бұл сұрақтар әдетте төмендегідей сұралады:

How does the professor organize the information about X?	Профессор X туралы ақпаратты қалай жүйелейді?
How is the discussion organized?	Талқылау қалай ұйымдастырылған?
Why does the professor discuss X?	Неліктен профессор X-ті талқылайды?
Why does the professor mention X?	Неліктен профессор X туралы айтады?

Мысалы:

Narrator: Listen again to a statement made by the professor. Then answer the question. (Дикторы: Профессордың мәлімдемесін қайтадан тыңдаңыз. Содан кейін сұраққа жауап беріңіз.)

Professor: There's this committee I'm on . . . Th-the name of the thing, and it's probably, well, you don't have to take notes about this, um, the name of the thing is academic standards."

Narrator: Why does the professor tell the students that they do not have to take notes? (Диктор: Неліктен профессор студенттерге жазбалар жасаудың қажеті жоқ екенін айтады?)

- The information is in their books.
- The information may not be accurate.
- ◇ She is going to tell a personal story. (*дұрыс жауап*)
- They already know what she is going to talk about.

7-түрі: Мазмұнды байланыстыру сұрақтары (Connecting Content)

Мазмұнға байланысты сұрақтар дәрістегі идеялар арасындағы байланыстар туралы үміткердің түсіну қабілетін бағалайды. Бұл байланыстар нақты көрсетілуі мүмкін немесе тыңдалған сөздердің арасынан анықтап алу қажет болады. Сұрақтар үміткерден ақпаратты дәрісте көрсетілгеннен басқаша ұйымдастыруды талап етуі мүмкін. Үміткерден салыстыруды, себеп пен салдарды немесе қарама-қайшылық пен келісімді атау сұралуы мүмкін. Сондай-ақ, үміткерден элементтерді санаттарға бөлу, процесстегі оқиғалар мен қадамдардың реттілігін анықтау немесе кейбір өлшемдер бойынша объектілер арасындағы қатынасты көрсету сұралуы мүмкін.

Бұл сұрақтар әдетте төмендегідей сұралады:

What is the likely outcome of doing procedure X before procedure Y?	Ү процедурасынан алдын X процеду- расын жасағанның нәтижесі қандай болуы мүмкін?
What can be inferred about X?	X туралы не айтуға болады?
What does the professor imply about X?	Профессор X туралы нені меңзейді?

Мысалы:

Narrator: What type of symmetry do these animals have? Place a check mark in the correct box. (Диктор: Бұл жануарларда симметрияның қандай түрі бар? Дұрыс ұяшыққа құсбелгі қойыңыз.)

	Asymmetry	Radial Symmetry	Bilateral Symmetry
Earthworm			✓
Human			✓
Sponge	✓		
Sea Anemone	✓	✓	

Бұл сұрақта үміткерден ақпаратты дәрісте көрсетілгеннен басқа форматта ұсынуды сұрайды. Мазмұнға қатысты басқа сұрақтар үміткерден дәрісте айтылған ақпарат арасындағы қарым-қатынас туралы қорытынды жасауды талап етеді. Үміткерге нәтижені болжау, логикалық қорытынды жасау, қосымша ақпаратты экстраполяциялау, себеп-салдарлық байланысты көрсету немесе оқиғалардың белгілі бір реттілігін көрсету қажет болуы мүмкін.

Мысалы (Тыңдалатын дәрістен үзінді):¹

Professor:

OK, Neptune and its moons. Neptune has several moons, but there's only . . . we'll probably only worry about two of them, the two fairly interesting ones. The first one's Triton. So you have this little struggle with the word Titan, which is the big moon of Saturn, and the name Triton, which is the big moon of Neptune. Triton: it's, it's the only large moon in the solar system to go backwards, to go around its—what we call its parent planet—in this case Neptune, the wrong way. OK? Every other large moon orbits the parent planet in the same counterclockwise direction . . . same as most of the other bodies in the solar system. But this moon . . . the reverse direction, which is perfectly OK as far as the laws of gravity are concerned. But it indicates some sort of peculiar event in the early solar system that gave this moon a motion in contrast to the general spin of the raw material that it was formed from.

The other moon orbiting Neptune that I want to talk about is Nereid [NEER-ee-ihd]. Nereid is, Nereid has the most eccentric orbit, the most lopsided, elliptical-type orbit for a large moon in the solar system. The others tend more like circular orbits.

1. The Official Guide to the TOEFL® Test Fourth Edition, 2012 ISBN: 978-0-07-176657-9, 137 б.

. . . Does it mean that Pluto and Neptune might have been related somehow in the past and then drifted slowly into their present orbits? If Pluto . . . did Pluto ever belong to the Neptune system? Do Neptune's moons represent Pluto-type bodies that have been captured by Neptune? Was some sort of . . . was Pluto the object that disrupted the Neptune system at some point in the past?

It's really hard to prove any of those things. But now we're starting to appreciate that there's quite a few junior Plutos out there: not big enough to really call a planet, but large enough that they're significant in history of the early solar system. So we'll come back to those when we talk about comets and other small bodies in the fringes of the outer solar system.

Сұрақ: What does the professor imply about the orbits of Triton and Nereid? (Профессор Тритон мен Нереидтің орбиталары туралы айтқанда нені тұспалдайды?)

- o They used to be closer together.
- o They might provide evidence of an undiscovered planet.
- o They might reverse directions in the future.
- They might have been changed by some unusual event. (*дұрыс жауап*)

8-түрі: Қорытынды жасау сұрақтары

Ақпаратты сәйкестендіру сұрақтарының соңғы түрі – қорытынды жасау сұрақтары. Мұндай саұрақтарда, әдетте, дәрісте немесе әңгімеде келтірілген фактілерге сүйене отырып, қорытынды жасау керек.

Бұл сұрақтар әдетте төмендегідей сұралады:

What does the professor imply about X?	Профессор X туралы айтқанда нені меңзеді?
What will the student probably do next?	Студент бұдан кейін не істеуі мүмкін?
What can be inferred about X?	X туралы не айтуға болады?
What does the professor imply when he says this? (replay)	Профессор мұны айтқан кезде нені меңзеді? (қайталап тыңдау)

Мысалы (Тыңдалатын дәрістен үзінді):¹

Professor:

Dada is often considered under the broader category of Fantasy. It's one of the early directions in the Fantasy style. The term "Dada" itself is a nonsense word—it has no meaning . . . and where the word originated isn't known. The "philosophy" behind the "Dada" movement was to create works that conveyed the concept of absurdity—the artwork was meant to shock the public by presenting the ridiculous, absurd concepts. Dada artists rejected reason—or rational thought. They did not believe that rational thought would help solve social problems . . .

. . . When he turned to Dada, he quit painting and devoted himself to making a type of sculpture he referred to as a "ready-made" . . . probably because they were constructed of readily available objects . . . At the time, many people reacted to Dadaism by saying that the works were not art at all . . . and in fact, that's

1. The Official Guideto the TOEFL® Test Fourth Edition, 2012 ISBN: 978-0-07-176657-9, 139 6.

exactly how Duchamp and others conceived of it—as a form of “non-art” . . . or anti-art.

Duchamp also took a reproduction of da Vinci’s famous painting the Mona Lisa, and he drew a mustache and goatee on the subject’s face. Treating this masterpiece with such disrespect was another way Duchamp was challenging the established cultural standards of his day.

Сұрақ: What does the professor imply about the philosophy of the Dada movement? (Профессор Дада қозғалысының философиясы туралы айтқанда нені түспалдайды?)

- o It was not taken seriously by most artists.
- o It varied from one country to another.
- It challenged people’s concept of what art is. (дұрыс жауап)
- o It was based on a realistic style of art.

Айтылым бөлімі (Speaking Section)

TOEFL iBT тестінің Айтылым бөлімі ана тілі ағылшын тілі емес, бірақ ағылшын тілі оқыту тілі болып табылатын жоғарғы оқу орындарында оқуын жалғастырғысы келетін студенттердің ағылшын тілін меңгеру деңгейін бағалауға арналған. TOEFL iBT тестінің барлық басқа бөлімдері сияқты, Айтылым бөлімі интернет арқылы тексеріледі. Бұл бөлімде үміткерге жеке тәжірибесіне, кампустасты жағдайларға және академиялық типтегі материалдарға негізделген түрлі тақырыптарда сұрақтар сұралады.¹

Бөлім төрт тапсырмадан тұрады. Бірінші тапсырма – тәуелсіз сөйлеу тапсырмасы деп аталады, өйткені жауап беру кезінде үміткерден өз идеяларына, пікіріне және тәжірибесіне толықтай сүйенуді талап етеді. Қалған үш тапсырмада – біріккен ауызша тапсырмалар болады. Осы тапсырмаларды орындау барысында сұрақ қойылмас бұрын үміткерге дәрістің бөлігі не әңгіме тыңдатылады, немесе мәтін үзіндісі мен дәрістің қысқаша талқылауы тыңдатылады. Бұл сұрақтар біріктірілген тапсырмалар деп аталуының себебі – олар үміткерден ағылшын тілінде тыңдау және сөйлеу немесе оқу және сөйлеу дағдыларын біріктіруді талап етеді. Осы сұрақтарға жауап берерде, үміткер жауаптарын тапсырмада берілген дәрістегі ақпаратқа не талқылауға, мәтінге негізделуі керек.

Айтылым бөлімі шамамен 17 минутты алады. Әр сұраққа жауап беру уақыты 45 немесе 60 секунд. Тыңдауға байланысты сұрақтарға жауап бергенде, үміткер қысқа дәрістер немесе әңгімелер тыңдайсыз (құллаққаппен). Мәтінді оқып сосын ауызша жауап беретін сұрақтарға үміткер компьютер экранындағы қысқа мәтін үзінділерін оқиды. Үміткер айтылым бөлімінде жазбалар жасай алады және жауап берерде оларды қолдана алады. Төрт сұрақтың әрқайсысына жауап дайындау үшін қысқа уақыт беріледі. Үміткер әр сұраққа микрофонға сөйлеп, жауап береді. Үміткердің жауаптары жазылып, Бағалау орталығына жіберіледі және оларды кәсіби бағалаушылар да, ETS SpeechRater деп аталатын Автоматты бағалау жүйесі де бағалайды.

Бағалаушылар сіздің жауаптарыңызды толығымен бағалайды. Бұл дегеніміз, бағалаушы үміткердің жауаптарының әртүрлі сипаттамаларын тыңдайды және үміткер жауаптарында көрсеткен жалпы дағдылардың негізінде бірыңғай баға қояды. Бағалау критерийлері сұраққа байланысты біршама ерекшеленсе де, бағалаушылар әдетте үміткердің жауаптарының келесі ерекшеліктеріне назар аударады:

- **Delivery** – Жеткізу: Үміткердің сөйлеуі қаншалықты айқын. Жақсы жауаптар – бұл сөйлеу тегіс және айқын, жақсы айтылуы, табиғи ырғағы және табиғи интонациялық модельдері бар жауаптар.
- **Language Use** – Тілді қолдану: Үміткер өз идеяларын жеткізу үшін грамматика мен лексиканы қаншалықты тиімді қолданды. Бағалаушылар негізгі және күрделі тілдік құрылымдарды қаншалықты жақсы басқаруға және тиісті лексиканы қолдана алғанын тыңдайды.

• Topic Development – Тақырыпты дамыту: Үміткер сұраққа қаншалықты толық жауап берді және өз ойын қаншалықты үйлесімді түрде жеткізді. Жақсы жауаптар әдетте бөлінген уақыттың барлығын немесе көп бөлігін пайдаланады, ал бір идеядан екіншісіне өту арасындағы байланыс анық және артынан еруге оңай.

Айтылым тапсырмалары

Тәуелсіз тапсырмалар

1-түрі: Жұптық таңдау

Тәуелсіз сөйлеу тапсырмасында үміткерге екі мүмкін әрекет, жағдай немесе пікір ұсынылады. Содан кейін үміткер қандай іс-әрекеттерді немесе жағдайларды таңдаған дұрыс деп санайтындығы немесе қандай пікірдің орынды екенін айту сұралады, содан кейін себептері мен егжей-тегжейін көрсетіп, таңдауын түсіндіру қажет. Жауап беру үшін 45 секунд беріледі. Бұл сұрақтың тақырыптары студентке жалпы қызығушылық тудыратын күнделікті сұрақтарды қамтиды. Мысалы, үміткерден үйде немесе кітапханада оқығанның қайсысын дұрыс деп санайды, немесе студенттер әртүрлі салалардан курстардан өтуі керек пе немесе бір тақырыпқа назар аударуы керек пе деп сұралуы мүмкін. Сондай-ақ, үміткерге таныс тақырып бойынша екі қарама – қарсы пікір ұсынылуы мүмкін, мысалы, теледидар адамзатқа пайда әкелді ме, жоқ па, содан кейін үміткер қандай пікірмен келісетіні туралы сұралады. Сонымен қатар, үміткер белгілі бір мәлемдемен келісеті не келіспейтіні туралы сұралуы мүмкін, мысалы «Барлық бірінші курстың студенттері кампустан тыс өмір сүруге рұқсат берілуі керек».

Бұл сұрақта үміткерден әрқашан таңдауы, қалауы немесе пікірі қандай екені және неге олай екенін себептермен, мысал келтіре отырып түсіндіруді сұрайды. Сұрақтың барлық бөліктеріне жауап беру, өз пікірін нақты айту және неге бұл не басқа таңдау жасағанын түсіндіретін себептерді көрсету маңызды. Үміткер қандай әрекетті, жағдайды немесе пікірді таңдаған маңызды емес, өйткені оған «дұрыс» немесе «бұрыс» жауап жоқ. Үміткердің жауабы қай нұсқаны таңдағанына байланысты емес, оны себептер мен егжей-тегжейлермен негіздеу арқылы қаншалықты жақсы түсіндіргеніне байланысты болады.

Бұл сұрақ үміткердің компьютерінің экранында пайда болады және оны баяндаушы дауыстап оқиды және үміткерге жауабын дайындауға 15 секунд уақыт беріледі. Бұл уақытты үміткер не айтқысы келетіні туралы ойлануға, ойларын жүйелеуге және пайдалы деп санаса, бірнеше жазбалар жазуға жұмсауы керек. Бірақ үміткер толық жауап жазуға тырыспау керек — жауап беру кезінде қай бағытта сөйлеу қажет екенін еске түсіруге көмектесетін бірнеше сөздер немесе тіркестерді жазуға болады.

Мысалы:¹

Мысалда осы түрдегі сұрақ компьютер экранында қалай көрсетілетіні көрсетілген.

1. The Official Guide to the TOEFL® Test Fourth Edition, 2012 ISBN: 978-0-07-176657-9, 1696.

Some students study for classes individually. Others study in groups. Which method of studying do you think is better for students and why? (Кейбір студенттер сабақты жеке оқиды. Қалғандары топтарда оқиды. Студенттер үшін қай оқыту әдісі жақсы деп ойлайсыз және неге?)



Preparation Time: 15 Seconds (Дайындалу уақыты: 15 сек.)

Response Time: 45 Seconds (Жауап беру уақыты: 45 сек.)

Сұрақты естігеннен кейін үміткерге қанша уақыт дайындалуға және жауап беруге берілгенін айтылады. Мұндай сұраққа жауап беруде, үміткер өз пікірін нақты айтудан бастауы маңызды. Егер үміткер олай жасамаса, оның жауабын тыңдайтындарға үміткердің қандай пікірде екенін түсіну қиын болуы мүмкін. Үміткер пікірін өзінің тәжірибесіне сүйеніп айтуы мүмкін. Мысалы, егер үміткер сұраққа байланысты оқушылардың жеке оқығанын дұрыс деп санаса, онда ол студенттер бірге оқығанда, олар көбінесе сабаққа қатысы жоқ мәселелерді талқылауға уақыт жоғалтады деп айтуына болады. Осылай үміткер топпен оқудың тиімсіздігін және оқушының жеке оқуда қол жеткізетін сәттіліктерін салыстыру арқылы жалғастыра алады.

Біррікен тапсырмалар

2-түрі: Реттеу және түсіндіру

